

**Докторант Досматова Кенжеш Рахымжанқызының
«Қазақстан Республикасында тұратын нейтралды қалыптасқан тістемі
бар тұлғалардың бүйір проекцияда жасалған бас телерентгенограмма-
ларының салыстырмалы сипаттамасы» тақырыбындағы 8D10141
«Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысына
ғылыми кеңесшінің пікірі**

Досматова Кенжеш Рахымжанқызының «Қазақстан Республикасында тұратын нейтралды қалыптасқан тістемі бар тұлғалардың бүйір проекцияда жасалған бас телерентгенограммаларының салыстырмалы сипаттамасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы бүгінгі ортодонтия саласындағы өзекті мәселені жан-жақты зерттеуді қамтыған.

Қазақстанда соңғы мәліметтерге сәйкес стоматологиялық аурулардың ішінде тіс-жақсүйек жүйесінің даму аномалиялары алдыңғы орындардың бірін алады. Олардың басым бөлігі жаппай профилактиканың болмауы және тіс-жақ аномалияларын уақтылы диагностика жасаудың жеткіліксіздігімен байланысты. Осыған орай, ортодонтиялық көмекке көрсетілімдердің артуына байланысты зерттеушілердің назары бет бөлімінің антропометриялық параметрлері мен окклюзия түрлері арасындағы корреляцияларды, жақсүйек өлшемдері мен бүкіл кранио-фациалды кешеннің құрылысы арасындағы өзара байланыстарды зерттеуге аударылуда. Бұл тіс-жақсүйек жүйесінің аномалиялары бар наукастарға диагностика жасау, оңтайлы жоспарлау және емдеу сияқты бірқатар маңызды мәселелерді шешу үшін өзекті болып саналады.

Қойылған мақсатқа жету үшін докторант тиісті міндеттерді айқындап, ғылыми ізденістің методологиясын, зерттеу объектілерін, материалдары мен әдістерін нақтылады. Цефалометриялық талдау әдістері белгілі бір біліктілікті қажет етеді, ал біздің отандық ортодонт дәрігерлердің ең қажетті зерттеу әдісін көпшілігінің меңгермегендігін зерттеу жұмысының міндетінің бірі көрсетіп отыр. Досматова К.Р. өзін осы салада біліктілігі жоғары маман ретінде және ғылыми зерттеу жұмысына талпыныспен қарайтынын көрсетті. 120 ТРГ талдауларын өзі жүргізіп, қазақ ұлтына сай ТРГ көрсеткіштерін анықтады. Бұл өз кезегінде үлкен жауапкершілік пен талапты қажет етеді.

Денсаулық сақтау саласы үшін докторант дайындаған телерентгенографияны (ТРГ) қолдану арқылы диагностика жасау алгоритмдерінің тәжірибелік маңызы зор, бұл әдісті жеке параметрлерді анықтай отырып, тіс-жақсүйек аномалияларын тиімді әрі дұрыс ортодонтиялық ем жүргізу үшін негізгі диагностикалық зерттеу ретінде ұсынуға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері бойынша докторант пайдалы модельге патент алды, сонымен қатар Scopus дерекқорында индекстелетін журналдарда және Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда ғылыми жарияланымдардың авторы болып табылады.

Диссертациялық жұмыс өзінің өзектілігі, ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы, мазмұнының толықтығы мен қорытындыларының негізділігі бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ғылыми дәрежелер беру қағидалары» талаптарына сәйкес келеді және оның авторы Досматова Кенжеш Рахымжанқызы 8D10141 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияны ашық түрде қорғауға ұсынуға болады.

**Ғылыми кеңесші,
медицина ғылымдарының докторы,
«ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университетінің
Қоғамдық денсаулық және әлеуметтік ғылымдар
кафедрасының профессоры**



Құрақбаев Қ. Қ.